

**Агранович Елена Николаевна**  
6D010200-«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған  
диссертациясына

## АННОТАЦИЯ

### **«Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру**

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты, «халықты қоғамда сұранысқа ие дағдылар мен рухани-адамгершілік құндылықтары бар тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету», «педагог мамандығына сұранысты арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту» мақсаты болып табылатын жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін дамытудың көптеген аспектілеріне, оның ішінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды қозғай отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Кәсіптік білім берудің басым бағыттарының бірі Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сұранысқа ие құзыретті педагог кадрларды даярлау болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау және мұғалімдерді даярлау үдерісінде студенттердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру жүретіндіктен, бұл тұтастай алғанда мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Қоғам талаптарына сәйкес мұғалімдер тек өз мамандығын игеріп қана қоймай, коммуникативті, жауапты, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерге ие болып, әлемдік еңбек нарығында мобильді, бәсекеге қабілетті мамандар болуы керек. Осыған байланысты педагогикалық білім аталған күзиреттіліктерді нәтижелі игеруге бағытталуы қажет.

«Кәсіби білім берудің негізгі мақсаты – білімі, білігі, дағдылары қатаң анықталған маман емес, өз білімін үнемі толықтырып, тереңдете, жалпы теориялық және кәсіби деңгейін көтере, өзін қиындықтарды жеңуге жұмылдыра алатын, сыртқы әсерлерге қарамастан шешім қабылдауға қабілетті маманның тұлғасы».

Қазіргі қоғам тек кәсіби білімі, практикалық дағдылары ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдың дағдылары бар мамандарға мынандай жаңа талаптар қояды: жеке қабілеттерін қолдана отырып, өзінің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыру, нақты жоспарлау және ұтымды басқару қабілеті (сыни ойлау, командада жұмыс істеу және өзгермелі жағдайларға икемді бейімделу және т.б.). Педагогикалық ЖОО-ның білім беру үдерісі өздігінен білім алуға, барлық студенттерді шығармашылыққа үйретуге, жалпы білім беруді кәсіби өзін-өзі анықтаумен біріктіріп, болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын өзін-өзі

ұйымдастыруына және өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін білім берудің әртүрлі формаларын белсенді енгізуге бағытталуы керек.

«Оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру – бұл мақсатшылдық, белсенділік, негізді ынталылығы, өз ісін жоспарлау, жылдам шешім қабылдауы және оған деген жауапкершілігі, өз іс-әрекетінің нәтижелерін сыни бағалауы, борыш сезімінен тұратын тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыра білуімен байланысты іс-әрекеті мен қабілеті». Студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың нақтыланған тұжырымдамасын біз мақсат қою, оларға қол жеткізуге деген ұмтылыс, ерікті күш-жігер, жасампаздық, өз ісін жоспарлау, кәсіби білімді тиімді игеруге және өзін-өзі танытуға бағытталған өзіндік рефлексия мен өзін-өзі түзету дағдылары негізінде оқу жұмысы мен өмірлік іс-әрекеттерін ұтымды ұйымдастыру қабілеті ретінде ұсынамыз.

Оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырумен байланысты мамандарды даярлау процесін жетілдіру қажеттілігі туындайды. Оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі «уақытты басқару» технологиясы болып табылады. Ол оқытудың ұтымды әдістерін ұсынып, өмірдің алмастырылмайтын уақытын жеке, білім беру мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес, шешімдердің жеке даралығы, қол жетімділік, тиімділік пен нәтижелілікті бақылау қажеттілігі негізінде пайдалануға мүмкіндік береді. «Тайм-менеджмент» технологиясы ғылыми негіздеуді, әдістемесін әзірлеп, ЖОО-ның білім беру үдерісіне енгізуді талап етеді.

Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиетке теориялық шолу ғалымдардың өзін-өзі ұйымдастыру ұғымын оқу әрекетінің әртүрлі аспектісінде қарастыратындығын көрсетті.

Я.О. Устинова, Е.В. Камалетдинова, Л.В. Мосиенко және т. б. өзін-өзі ұйымдастыруды өзін-өзі тиімді дамытуға, өзін-өзі басқаруға ықпал ететін жеке тұлғаның реттелген саналы әрекеті ретінде анықтайды.

B.J. Zimmerman, D. Anzola, O.H. Князькова, A.B. Смирнов, D.W. Johnson, O.L. Карпова, H.A. Афанасьева, K.A. Абульханова-Славская, H.A. Вагапова, Г.В. Коган, A.A. Сәрсембаева және т. б. өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінің құрылымын және оның өз бетінше табысты әрекет жасауға ықпалын ашады.

С.Л. Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, O.H. Азарова, P. Bird, P. Drucker, S. Covey, Г.А. Архангельский, A.Д. Ишков, Ю.А. Дмитриев, Ж.А. Караев, С.М. Кеңесбаев, K.H. Нармбаев, M.M. Книсарина және т. б. жоспарлау, бақылау, бағалау және т. б., сондай-ақ өзін-өзі басқару (жеке менеджмент) және тайм-менеджменттен (уақытты басқару) тұратын әрекет ретінде, өзін-өзі ұйымдастырудың кейбір аспектілеріне назар аударады.

J. Rubinstein, C.C. Амирова, O.C. Анисимов, H.A. Заенутдинова, H.П. Кирина, K.Б. Жарикбаев, Ж.И. Намазбаева, X.Т. Шерьязданова, M.A. Реунова және т. б. ғылыми зерттеулерінде өзін-өзі ұйымдастыру процесінің элементтері жеке тұлғалық сипаты мен психологиялық қасиеттерімен қатар, өзін-өзі тануға, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі дамытуға, әрекетін ұтымды

ұйымдастыруға құндылықты қатынастарына бағыт-бағдар жүйесі ретінде қарастырылады.

Оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруын зерттеу аясында И.А. Зимняя, А.В. Хуторский, Е.Я. Коган, Л.О. Филатова, П.И. Пидкасистый, М.М. Левина, А.Е. Әбілқасымова, С.Б. Әбдіғаппарова, Ж.Е. Сәрсекеева, Н.Т. Уәлиеваның және т. б. өз бетінше оқу әрекетін ұйымдастыру мәселелеріне арналған еңбектерін атап өтуге болады.

Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде мамандар даярлауға В.П. Беспалько, Г.К. Селевко, В.С. Кукушин, Ю.Г. Фокин, Н.М. Ather, Kh.M. Tahir, Kh.F. Atif, F. Imran және т. б. зерттеулері арналған.

А.Е. Дмитриев, В.Н. Косырев, Л.В. Фалееваның және т.б. еңбектерінде тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тану мәселелері қарастырылды.

В.А. Слестёнин, Н.Д. Хмель, С.С. Drawbaugh, Т.А. Козловская, Е.А. Александрова, О.В. Комова кәсіби даярлық кезінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудағы жалпы педагогикалық принциптерді қарастырады.

Зерттеліп отырған мәселенің кейбір аспектілері отандық педагог-ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Педагогикалық кадрларды даярлаудың теориялық, әдістемелік мәселелері, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауды Р.М. Коянбаев, Т.С. Сабыров, К.А. Аймагамбетова, С. Рахметова, А.Е. Жумабаева, Г.И. Уайсова, Т.К. Оспанов, А.А. Қыдырбаева, Б.А. Тұрғынбаева, Н.Н. Хан, А.С. Амирова, С.Н. Жиенбаева, А.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, А. Жүнісбекова, А.Д. Сыздықбаева және т.б. зерттеді.

Зерттелініп отырған тақырып бойынша жүргізілген талдаулар психологиялық-педагогикалық ғылымда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруын нысанға алған зерттеулердің жеткілікті қарастырылмағандығын көрсетеді. Аталған педагогикалық проблеманың маңыздылығын ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруын ғылыми-теориялық негіздеу, әдістемелік қамтамасыз ету қажет және өзекті деп санаймыз.

Осылайша студенттердің кәсіби қалыптасу үдерісіндегі «уақытты басқару» технологиясы негізінде оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырудағы объективті қажеттілік пен оны қалыптастыру тетіктерінің толыққанды қарастырылмауы арасындағы **қарама-қайшылықтың** бар екендігі сөзсіз.

Анықталған қарама-қайшылық «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын сәтті қалыптастыруға ықпал ететін құрылымдық-мазмұндық моделін жасау мәселесін туындатты.

Мәселенің өзектілігі, ғылыми және практикалық тұрғыда жеткіліксіз қарастырылуы зерттеу тақырыбын **«Тайм-менеджмент технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру»** деп алуға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруын теориялық негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету.

**Зерттеу нысаны:** бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру.

**Зерттеудің болжамы:** егер біртұтас педагогикалық үдерісте «тайм-менеджмент» технологиясының әртүрлі құралдарын дәйекті енгізуді қамтитын оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүзеге асырылса, онда үдеріс нәтижеге жетеді, өйткені студенттер өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал ететін белсенді іс-шараларға қосылады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымының маңызды сипаттамасы мен мазмұнын нақтылау.

2. Оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудағы уақытты басқарудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін негіздеу.

3. «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

4. «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру біліктерін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және эксперименттік тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы** – «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың теориялық негіздерін терең зерттеу, сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тиімді оқыту және ойдағыдай қалыптастыру үшін құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеу және оны университеттің педагогикалық үдерісіне енгізу.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі:**

- синергетикалық, аксиологиялық, жүйелік, әрекеттік, тұлғалық, құзыреттілік тәсілдемелердің теориялық ережелері (К.А. Әбілханова-Славская, С.С. Амирова, Я.О. Устинова, Г.В. Коган және т. б.);

- тұлғаның қызметі мен дамуының психологиялық-педагогикалық теориялары (Л.С. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев және т. б.);

- оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру теориялары мен модельдері (А.Д. Ишков, Е.В. Камалетдинова және т. б.);

- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы (В.А. Сластенин, П.И. Пидкасистый, А.Е. Дмитриев, Н.Д. Хмель және т. б.);

- мамандарды кәсіби даярлау теориялары (И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Р.М. Қоянбаев, Н.Н. Хан және т. б.);

- тайм-менеджментті зерттеу (P. Drucker, S. Covey, Г.А. Архангельский және т. б.).

**Зерттеу әдістері:**

- теориялық әдістер (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертацияларды, монографияларды, мерзімді ғылыми басылымдарды, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерттеу және талдау; талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, модельдеу);

- эмпирикалық әдістер (мақсатты бақылау, сауалнама, термесауал, сараптамалық бағалау, диагностикалық зерттеулер, эксперименттің анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау түрлері).

- эксперименттік зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу әдістері.

**Зерттеу базасы** тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ҚазҰҚПУ базасында жүргізіліп, онда эксперименттік топ, анықтау және бақылау кезеңдеріне Абай атындағы ҚазҰПУ және МПМУ - студенттері бақылау тобына қатысты.

**Зерттеуді ұйымдастыру және кезеңдері.** Зерттеу 2017 жылдан 2020 жылға дейін кезең-кезеңмен жүргізілді.

**Бірінші кезеңде (2017-2018 жж.)** – (аналитикалық-әдіснамалық) автор зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізді, оның әзірлену дәрежесін анықтады; зерттеудің әдіснамалық аппаратын әзірлеуді жүзеге асырды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері анықталды.

**Екінші кезеңде (2018-2019 жж.)** – (тәжірибелік-эксперименттік) эксперименттің айқындаушы және қалыптастырушы бағдарламасы әзірленді, студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін сынақтан өткізу жүзеге асырылды.

**Үшінші кезеңде (2019-2020 жж.)** – (бақылау-қорытындылау) зерттеу жұмысының нәтижелерін талдау және қорыту, эксперимент деректерін өңдеу, диссертациялық зерттеуді жазбаша ресімдеу, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыру мәселелерін зерттеудің келешегіне байланысты практикалық ұсынымдар әзірлеу жүзеге асырылды.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруы – бұл кәсіби білімді тиімді игеруге және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған, мақсат қою білу қабілетіне, оларға қол жеткізуге ұмтылысына, ерік-жігеріне, креативтілікке, өз ісін жоспарлауға, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі түзетуге негізделген оқу жұмысын және оның өмірлік белсенділігін ұтымды ұйымдастыру қабілеті.

2. Болашақ мұғалімнің уақытты басқаруы – бұл өзін-өзі ұйымдастырудың тиімділігін арттыру үшін күнделікті тәжірибеде жеке және оқу әрекетін ұйымдастыруда арнайы әдістерді мақсатты, жүйелі қолдану. Тайм-менеджмент технологиясы мынадай ерекшеліктерге ие: оқу үдерісіне енгізудің әдістемелік және практикалық әзірлемелері; оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру алгоритмі; оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруда болатын

студенттің жеке стилінің бірегейлігі; кәсіби даярлық жағдайында жаңғыртып, қолдану мүмкіндігі, нәтижені алдын-ала анықтайтын, уақытты ұтымды тәсілдермен бөлуге дайын болу.

3. Студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі синергетикалық, аксиологиялық, жүйелік, әрекеттік, тұлғалық және біліктілік тәсілдер негізінде әзірленген, оған мынадай компоненттер кіреді: мақсаты, функциялары, қағидаттары, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері, құралдары, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен нәтижелері. Модельдің әр компонентінің өзіндік мазмұны мен әдіснамалық ерекшеліктері бар, сонымен қатар студенттердің ұтымды ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту мен жетілдіруді (жеке және оқу уақытын ұтымды бөлу), жалпы педагогикалық проблемалардың белгілі бір бөлігін шешеді.

4. «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын тиімді меңгеруді қамтамасыз ету «Тайм-менеджмент негіздері» элективті пәнін игеру барысында жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың өмірлік әрекетін жеке және білім беру құндылықтарына сәйкес құруға, оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыруға құндылықты қатынасын дамытуға, жеке кәсіптік білім беру мен дамудың жеке траекториясын таңдауға және іске асыруға мүмкіндік береді. Уақытты басқарудың ең қолайлы құралдарын (онлайн ұйымдастырушылар, тапсырмаларды жоспарлаушылар, графикалық жоспарлау жүйелері, өзін-өзі басқару күнделігі және т.б.) анықтап, белсенді қолдану студенттің өзін-өзі сәтті жетілуіне ықпал етеді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы** келесі аспектілермен анықталады:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «оқу әрекетінің өзін-өзі ұйымдастыруы» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды;

- оқу қызметін өзін-өзі ұйымдастырудағы «тайм-менеджмент» технологиясының психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері негізделді;

- «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** «тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастыруды әдістемелік қамтамасыз етуден тұрады: «Тайм-менеджмент негіздері» элективті курсы әзірленді және апробациядан өтті, «Педагогикалық мамандықтар студенттерінің оқу жетістіктерінің сапасын диагностикалау», «Тайм-менеджмент негіздері» оқу құралдары шығарылды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауды жетілдіру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар құрастырылды.

**Алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі** бастапқы әдіснамалық тұжырымдармен, зерттелетін проблемаға әр түрлі ғылыми көзқарастарды талдаумен, бірін-бір толықтыратын теориялық және

эмпирикалық әдістердің кешенімен, эксперименттік жұмыс кезеңдерінің бірізділігімен, оның деректерінің репрезентативтілігімен, педагогикалық практикаға енгізу нәтижелерінің тиімділігімен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу.** Зерттеудің негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері «Білім және Мегаполис: тұрақты табысқа арналған серіктестік», «Қазіргі әлемдегі Ресей ғылымы» XXII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы және т. б. халықаралық конференцияларда талқыланды.

**Жарияланымдар.** Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 2 оқу-әдістемелік құрал, Scopus ХБО құрамына кіретін журналда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала; халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, оның ішінде алыс және жақын шетелдерде 9 мақала.

**Диссертация құрылымы:** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.